

**Баспасөз хабарламасы**

Астана қ., 28 мамыр 2026 жыл

**Акционерлердің жалпы жиналысы «ҚазТрансОйл» АҚ бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін бекітті**

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Нұра ауданы, Тұран даңғылы, 20 ғимарат, 12 тұрғын емес үй мекенжайында орналасқан «ҚазТрансОйл» АҚ 28 мамырда «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында 2026 жылға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ (ISIN KZ1C00000744) жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдап, бірқатар жұмыстарды бекітті:

1. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2025 жылдың қорытындысы бойынша алынған 56 606 539 000 (елу алты миллиард алты жүз алты миллион бес жүз отыз тоғыз мың) теңге мөлшерінде таза кірісін бөлудің мынадай тәртібі бекітілді:

- дивидендтер төлеуге 45 386 115 682 (қырық бес миллиард үш жүз сексен алты миллион бір жүз он бес мың алты жүз сексен екі) теңге мөлшерінде сома жіберілсін;

- 11 220 423 318 (он бір миллиард екі жүз жиырма миллион төрт жүз жиырма үш мың үш жүз он сегіз) теңге сомасында қалған таза кірісті бөлмей «ҚазТрансОйл» АҚ иелігінде қалдыру;

2. «ҚазТрансОйл» АҚ бір жай акциясына есептегенде 2025 жылғы дивиденд мөлшері 118 (жүз он сегіз) теңге.

2025 жылдың қорытындысы бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер алуға құқығы бар «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің тізімі 2026 жылғы 5 маусым сағат 00:00-де жасақталады.

2025 жылдың қорытындысы бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеудің басталу күні – 2026 жылдың 11 маусымы.

**Анықтама үшін:**

«ҚазТрансОйл» АҚ — «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобына кіретін магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор. Ұзындығы 5,2 мың км магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісіне ие және жалпы ұзындығы 5 мың км-ден асатын сырт ұйымдардың құбырларына қызмет көрсету бойынша операторлық қызметтер көрсетеді.

**«ҚазТрансОйл» АҚ  
жұртшылықпен байланыс  
және ішкі коммуникациялар басқармасы**